

МОНИТОРИНГ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА В ВУЗЕ (на каз яз.)

Кобдикова Ж.У.,
Казахский государственный женский педагогический университет
Караев Е.Ж. консалт. компания «MLS-Group»

Аннотация

В данной статье изложены задачи государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы. В программе поставлено требование о "внедрении национальной системы оценки качества образования на всех уровнях", совершенствуя педагогический мониторинг в системе менеджмента качества образования. Конкретизировано значение понятия "мониторинг качества образовательного процесса". В связи с тем, что качество образовательного процесса напрямую зависит от качества учебного процесса, в статье анализируются вопросы «мониторинга качества учебного процесса». Раскрыты смысл понятий, отражающих основные характеристики мониторинга качества учебного процесса в вузе: принципы, критерии, объекты и субъекты оценки качества учебного процесса; процедуры оценки качества учебного процесса в вузе; алгоритм мониторинга качества учебного процесса.

Ключевые слова: образование; образовательный процесс; качество; качество учебного процесса; мониторинг; мониторинг качества учебного процесса; процедуры оценки; контроль; обработка результатов; анализ; хранение; сбор и распространение информации; прогнозирование и управление; развитие.

Monitoring of quality of educational process in university

Zh.U. Kobdikova, E.Zh.Karaev²

¹*kazakh state women's pedagogical University
Almaty, Kazakhstan*

²*consult. company "MLS-Group"
Astana, Kazakhstan*

Annotation

This article presents the tasks of the state program of education development of the Republic of Kazakhstan for 2016-2019. The program calls for the "implementation of the national system of education quality assessment at all levels", improving pedagogical monitoring in the system of education quality management. The meaning of the concept "monitoring the quality of the educational process" is concretized. Due to the fact that the quality of the educational process depends on the quality of the learning process, the article analyzes the issues of "monitoring the quality of the learning process." The meaning of the concepts reflecting the main characteristics of monitoring the quality of the learning process at the University: principles, criteria, objects and subjects of quality assessment of the learning process; procedures for assessing the quality of the learning process at the University; algorithm for monitoring the quality of the learning process.

Keywords: education, educational process, quality, quality of the learning process, monitoring, monitoring of the quality of the learning process, evaluation procedures, control, processing of results, analysis, storage, Collection and dissemination of information, forecasting and management, development.

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының міндеттері аталған. Бағдарламада білім берудегі сапа менеджменті жүйесіндегі, педагогикалық мониторингті жетілдіре отырып, «барлық деңгейде білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін енгізу» талабы қойылған. «Білім беру үрдісінің сапасын мониторингілеу» ұғымының мәні нақтыланған. Білім беру үрдісінің сапасы оқыту үрдісінің сапасына тікелей тәуелді болғандықтан, мақалада «оқыту үрдісінің сапасын мониторингілеу» мәселелері талданады. ЖОО-да оқыту үрдісінің сапасын мониторингілеудің негізгі сипаттамаларын көрсететін ұғымдардың мәндері ашылған: оқыту үрдісінің сапасын бағалау ұстанымдары, критерийлері, объектілері және субъектілері; ЖОО-да оқыту үрдісінің сапасын бағалау рәсімдері; Оқыту үрдісінің сапасын мониторингілеу алгоритмі сипатталған.

Түйін сөздер: Білім беру, білім беру үрдісі, сапа, оқыту үрдісінің сапасы, мониторинг, оқыту үрдісінің сапасын мониторингілеу, бағалау рәсімдері, бақылау, нәтижелерді өңдеу, талдау, ақпараттарды сақтау, жинақтау және тарату, болжамдар жасау және басқару, дамыту.

Оқыту үрдісінің тиімділігі мен сапасының критерийі ретінде оқушылардың білім, білік, дағды және тәрбиелілік деңгейінің қолданыстағы мемлекеттік оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкестігін санауға болады.

Әрбір оқушы "қанағаттанарлық" деңгейден төмен емес, өзінің ең жоғары мүмкіндігіне қарай, белгілі бір дайындық көлемін меңгеруі тиіс.

Ю.К.Бабанский

Кіріспе. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеп, білім сапасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, әлемдік білім беру кеңістігіне ену шарттарына сәйкес білім жүйесін жаңартуды талап етеді [1]. Мемлекеттік бағдарламада мынадай міндеттер қойылған: білім саласын дамытуды ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету бойынша бірыңғай жүйе негізін қалау және білім беру ұйымдары мен ондағы оқу үдерістерін тиімді басқару үшін салалық ақпараттық жүйені құру. Бағдарлама, бірінші кезекте, білім берудегі сапа менеджменті жүйесіндегі, педагогикалық мониторингті жетілдіре отырып, «барлық деңгейде білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін енгізу» талабын қояды. Мониторингтік зерттеулер – білім беру ұйымдарының қызметін жүйелі бақылау, нәтижелерін өңдеп, талдау, ақпараттарды сақтау, жинақтау және тарату арқылы білім беру жүйесін дамыту үшін болжамдар жасау және басқару тетіктерін жетілдірумен айналысатын болады. Қазіргі уақытта тек оқытушы ғана емес, оқушы (студент, магистрант) да жоғары балл жинап, күнделікті материалды терең меңгергенде ғана сапалы білім алу мүмкін екендігін жақсы түсінеді. Осыған орай, бағдарламаның «Білім беруді дамытудың мониторинг жүйесі» тарауында «білім беру нәтижелерін басқарудың базасы және даму жолдарын болжамдау түрінде білім беру мониторингінің бірыңғай жүйесі енгізіледі» деп жазылуы өте орынды.

Мониторингтің мақсаты – негізделген басқару шешімдерін қабылдау үшін мекемеде білім сапасы туралы объективті ақпарат алу, сондай-ақ мекеменің білім беру қызметін тұтынушыларын ақпараттандырудың деңгейін қамтамасыз ету және арттыру.

Мониторингтің міндеттері: мекемеде білім беруді жүзеге асыру және дамыту туралы объективті ақпарат алу; білім сапасы көрсеткіштерінің жағдайы мен динамикасы туралы ақпаратты жинауды, өңдеуді ұйымдастыру және әдістемелік қамтамасыз ету; білім беру қарым-қатынастарының барлық қатысушыларына және жұртшылыққа мекемеде білім беру сапасы туралы шынайы ақпарат беру; мекеменің педагогикалық қызметкерлерінің кәсібилігін арттыру; мекемеде білім беруді оңтайландыру бойынша негізделген және уақытылы басқару шешімдерін қабылдау; мекеменің дамуын болжау.

Негізгі бөлім. Білім беру мониторингінің әдістерін, нысандары мен құралдарын жетілдіру және кері байланыс алу арқылы білім сапасын бағалау жүйесін қалыптастыру мемлекеттік бағдарламаның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Кәсіптік білім беру сапасы – мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ғана емес, білім беру жүйесі тиімділігінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Қоғамның және еңбек нарығының қазіргі заманғы маманды сапалы дайындауға деген талаптарын арттыру жоғары оқу орындарын серпінді дамытуға ынталандырып қана қоймай, сонымен қатар оқу процесінің сапасын басқаруды үнемі жетілдіруді талап етеді. Жоғары білім беру сапасын басқару үрдісінің тиімділігін қамтамасыз ету құралдарының арасында жетекші рөл мониторингке бөлінеді. А. Галиахметова мен Ж. Айтуғанованың пікірінше, сапаны басқарудың осы құралын таңдау дәстүрлі бақылау формаларының тиімсіздігіне және жоғары оқу орнының білім беру бағдарламалары туралы ақпарат алудың төмен жылдамдығына байланысты [2].

Білім беру – әлеуметтік-мәдени тәжірибе саласын және салалық жүйені, арнайы ұйымдастырылған процесті және қызметтің белгілі бір нәтижесін білдіретін көп мәнді ұғым. Білім беру – бұл тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша мақсатты қызмет. Яғни, білім беруді (образование) – тәрбиелеу, оқыту және дамыту, – деп қысқартып анықтайтын болсақ, онда **білім беру үрдісін – тәрбиелеу үрдісі, оқыту үрдісі және дамыту үрдісінің біріккен жиынтығы** ретінде қарастыруға болады. Соның ішінде оқыту үрдісіне (дидактический процесс) академик В.П.Беспалько мынандай анықтама береді: «**Оқыту үрдісі – оқытушының басқарушылық және**

білім алушының **танымдық** қызметтерінің жиынтығы, олардың өзара әрекеттесуі. Ол үшін екі жақтан да қарым-қатынас жасауға **қызығушылық** танытылу қажет» [3]. Түсінікті болу үшін бұл анықтаманы мынандай формула түрінде жазуға болады:

Оқыту үрдісі=Қызығушылық+Басқарушылық қызметі+Танымдық қызметі.

Яғни, оқыту үрдісі үш элементтен тұратын ұғым. Негізінде, В.П.Беспалько бойынша оқыту үрдісі Педагогикалық жүйенің құрамдас бөлігі. Ал, педагогикалық жүйе деген не? Педагогикалық жүйе сегіз элементтен тұратын ұғым:

1.Қызығушылық

2.Басқарушылық қызметтің (оқытушының) әрекеттері:

-жоспарлау(**3. Мақсат-міндеттер**; **4.Мазмұн**; **5.Әдіс-тәсіл**; **6.Формасы** (жеке, жұптық,...); **7. Құралдар** (соның ішінде АКТ));

-жүзеге асыру әрекеті;

-бақылау (тексеру, түзету) әрекеттері;

-бағалау (нәтижені өлшеу) әрекеті.

8. Танымдық қызмет(оқушының әрекеттер жиынтығы).

Егер, тәрбиелеу үрдісінің де құрылымын оқыту үрдісінің құрылымына сәйкес, -деп қабылдасақ, онда білім беру үрдісіне төмендегідей анықтама беруге болады:

«Білім беру үрдісі дегеніміз – тәрбиелеу және оқыту үрдістерін ұйымдастырып, жүзеге асыру арқылы тұлғаны дамыту қызметі». Мұнда: білім берудің *тәрбиелеу* аспектісі оқу мазмұны арқылы жүзеге асырылады, -деп тұжырымдайтын болсақ, онда ендігі жерде біз білім берудің тек *оқыту* аспектісін қарастырамыз.*Білім беру* үрдісінің сапасы *оқыту* үрдісінің сапасына тікелей тәуелді. Себебі, сапа мониторингін жүзеге асыру үшін үрдіс нәтижелерінің сандық көрсеткіштері болу керек. Мұндай көрсеткіштер тек оқыту үрдісінің нәтижелеріне тән, ал тәрбиелік үрдістің нәтижелері сандық өлшеммен өлшене алмайды[4;5]. Сондықтан, «*оқыту* үрдісінің сапасын мониторингілеу» ұғымының мағынасын «*білім беру* үрдісінің сапасын мониторингілеу» ұғымының мағынасы, -деп түсінеміз.

«Оқыту үрдісінің сапасы» ұғымын талдамас бұрын «сапа» ұғымына тоқталайық. Сапа – деген не? **Сапа – белгілі бір материалдық және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік беретін пайдалы қасиеттердің жиынтығы**[6].

Гегельдің «Сандық өзгерістердің сапалық өзгерістерге көшу» заңы бойынша: **САПАНЫҢ "сан" және "өлшем" ұғымдарымен өзара байланысын көрсетеді.** Бұл заң бойынша, қандай да болмасын объектінің сапасы мен сандық сипатының арасында терең байланыс бар. Өлшем берілген сапаның өзін сақтай отырып, сандық өзгерістердің шегін білдіреді. Бұл шектен асқанда объект сапалық өзгеріске ұшырайды, ал сапаның өзгеруі, жаңа сапаға өтуі өз кезегінде сандық өзгерістерге жетелейді. Сондықтан Гегель өлшемді “сандық сапа” немесе “сапалық сан”, яғни сапа мен санның бірлігі деп анықтаған. "... сандық сипаттамасыз сапа жоқ сияқты, сапалы анықтаудан мүлдем айырылған сан болмайды", -деген. **Өлшем – заттың, нәрсенің сапалық және сандық сипаттарының диалектикалық бірлігін көрсететін философиялық категория** [7]. Өлшем сапаның белгілі бір сандық мәндерге жататынын көрсетеді (мысалы, баллмен). Өлшем (сапа критерийі) **САПАНЫҢ** бағалау нормасы болып табылады.

Сапаның **сандық көрсеткіші** болады. Ол қалай есептеледі? Айталық, ЖОО-да практикалық сабақ (үрдіс) сапасына қойылатын жоғары талап (мақсат) 30 баллмен өлшенеді. Ал, алынған нәтиже одан төмен – 15 балл болды. Үрдістің сапасы қандай сандық көрсеткішке тең? Ойланбай-ақ, айтуға болады: 50 пайыз! Оны қалай таптыңыз? Сіз «нәтижені» «мақсатқа» бөліп, 100 пайызға көбейттіңіз. Осыдан **САПАНЫҢ** тағы бір анықтамасын тұжырымдауға болады:

Сапа деген – алынған Нәтиже мен қойылған Мақсаттың қатынасы.

$$\text{Сапа} = \frac{\text{Нәтиже}}{\text{Мақсат}} \times 100\% = \frac{15 \text{ балл}}{30 \text{ балл}} \times 100\% = 50\%$$

М. М. Поташниктің пікірінше: **Білім сапасы – бұл оның нәтижелерінде көрсетілген білім беру үрдісінің сапасы** [8]. Оқыту үрдісінің сапасы қалай анықталады? Егер оқыту үрдісі, жоғарыда қарастырғандай, сегіз элементтен тұратын болса, онда оқыту үрдісінің сапасы осы сегіз элементтің сапасынан құрылады. Әр элемент сапасының сандық және өлшемдік мәндері болу керек. Олардың арифметикалық ортасы білім беру үрдісі сапасының **көрсеткіші** болады.

Оқыту үрдісінің сапасы ЖОО-да білікті бакалаврлар мен магистрлерді даярлау шеңберінде қолданылатын халықаралық құрамдармен анықталады. Оқытудың әртүрлі формаларын пайдалану

білім беру процесін жан-жақты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Респонденттердің пікірінше, ең нәтижелі формасы – семинарлық сабақтар, лекциялар және курстық жұмыстарды жазу болып табылады. Дәл осы нысандар кәсіби лексиканы, кәсіби қызмет дағдыларын меңгеруге, алған білімдерді практикада қолдануға, ұжымдық жұмыс қабілетін дамытуға, ұйымдастырушылық жұмыс дағдыларын меңгеруге, өзін-өзі дамытуға және жеке мәдени деңгейін арттыруға ықпал етеді. Оқыту үрдісінің сапасын анықтау оны бағалауға, өлшеуге негізделеді. Оқыту үрдісінің сапасын бағалауда оның барлық элементтерінің қасиеттерін ескеру қажет, өйткені олар тұтас сапаны қалыптастырады. Оқу үдерісі сапасының **критерийлеріне** мыналар жатады: оқу процесін жоспарлау сапасы; оқу процесін ұйымдастыру сапасы; оқу процесінің ақпараттылығы; оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету сапасы, оқу процесінің коммуникативтік деңгейі; оқу процесінің практикалық бағыттылық деңгейі; оқу процесінің ғылыми-зерттеу бағыты деңгейі; оқу процесінің өзіндік білім беру компонентінің даму деңгейі; оқу процесінің бақылау-бағалау компонентінің деңгейі; студенттердің кәсіби құзыреттілік деңгейі.

Сапа өзгеріп отырады. Егер өзгерістер мақсатты сипатта болса, **сапанының басқарылуы** туралы айтылады. Білім беру сапасын басқарудың оқыту үрдісіндегі негізгі тетіктері: бақылау, талдау, бағалау, бағдарлау және нәтижелердің динамикалық үрдістерін салыстыру болып табылады. Бұл үрдісте оқу-тәрбие сапасына жасалатын жүйелі бағалаудың бірден-бір көзі – мониторинг. **Мониторинг дегеніміз** – латын тілінен аударғанда («напоминающий» – «еске түсіруші, қадағалаушы») деген мағынаны білдіреді. Ол белгілі бір нәрсенің жай-күйін бақылау, бағалау, талдау және болжау жүйесі, белгілі параметрлерді анықтаудағы бақылау құралы. Мониторинг – ұзақ уақыт белгілі бір мақсат негізінде жинақталған, сақталған ақпараттарды өңдеу, субъектілерді ақпарат нәтижесімен қамтамасыз ететін кері байланыс [9]. Оқыту үрдісінің сапасын бағалаудың негізгі **принциптері (ұстанымдары)** – жүйелілік, тұрақтылық, жетілдіруге бағытталу. Оқыту сапасын тұрақты бағалау ішкі дамудың стимулы бола алады және негізгі міндетті атқару, яғни білім сапасын арттыру үшін басшылық пен құрылымдық бөлімшелердің бірігуін, бір-біріне деген сенімділік пен бағалау нәтижелерін көпшілік алдында талқылау жағдайында ашықтықтың күшеюін, барлығы түсініп қабылдайтын жаңа мақсаттар мен міндеттерді анықтауын қамтамасыз етеді.

Жүйенің қызмет атқаруы өздігінен түзілу және өздігінен реттелу үдерістерге айналуы және өзгеше ұйымдастыру негізінде бағалаудың белгілі формаларынан тұруы мүмкін. Оқыту сапасын бағалау тиімділігі бағалау субъектілерінің құзіреттілігіне; бағалау процедурасымен жұмыстың ұйымдастырылуының байланысына тәуелді. ЖОО оқыту сапасын **бағалау объектілері**: 1) Профессорлық-оқытушы құрамының біліктілігі (базалық білімі, ғылыми дәрежесі мен атағы, инновациялық әдістер мен технологияларды меңгеруі, ғылыми және әдістемелік белсенділігі, біліктілікті арттыру жүйелілігі); 2) Оқытудың ресурстары (оқу жоспарындағы пәннің орны, сабақ түрлері бойынша кредиттердің бөлінуі, ПОӘК-пен, бақылау материалдарымен, оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтылуы); 3) Оқытушының оқу жұмысын ұйымдастыруы (оқу және әдістемелік материалдардың пән бағдарламасына, ғылымның қазіргі замандағы күйіне, білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкестігі, сабақтарды, бақылау мен бағалауды жүргізу формалары мен технологиялары, білім алушылардың өзіндік жұмысының әдістемелік қамтылуы, оқытушының еңбек тәртібі, білім алушылардың оқу тәртібі, білім алушылардың ағымдық үлгерімі); 4) Ресурстардың тиімді пайдаланылуы (сабақтарда техникалық құралдарды, кітапханалық ресурстарды, оқу-зертханалық жабдықтарды қолдану); 5) Пән бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (пән бойынша оқу жетістіктері, оқу нәтижелеріне білім алушылардың қанағаттанарлығы).

Оқыту үрдісінің сапасына қызығушылық танытатын тараптар – бағалау **субъектілері** болып табылады. Олар бағалау кезеңінде оқыту үрдісінің әртүрлі аспектілері туралы өз ойларын білдіретін сарапшылар ретінде сапаны қамтамасыз ету жүйесіне кіреді. Әртүрлі тараптардың оқыту үрдісінің сапасы туралы пікірі мен бағасы әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан сапа туралы қорытынды шығару кезінде барлық тараптардың – студенттер, оқытушылар, жұмыс берушілер, әкімшілік, сыртқы сарапшылардың пікірі ескерілсе, мұндай қорытынды әділ болады. Әртүрлі объектілерді бір немесе бірнеше субъектілер бағалауы мүмкін. Оқыту үрдісінің сапасын бағалау рәсімдері (процедуралары) статистикалық, **әлеуметтік** (студенттерге, жұмыс берушілерге, қызметкерлерге сауалнама жүргізу, оқытушылармен сұхбаттасу және т.б.) және **педагогикалық** (сабақтарға қатысу, педагогикалық құжаттарды, студенттердің жазбаша және шығармашылық жұмыстарын тексеру және т.б.) әдістер арқылы қамтамасыз етіледі.

ЖОО оқыту үрдісінің сапасын бағалау рәсімдері қандай? ЖОО-да оқыту үрдісі сапасының объективті көрсеткіштерін өлшеу үшін келесі бағалау рәсімдерін қолдану ұсынылады:

- «Өтініш берушінің жоғары оқу орнында оқуға дайындық сапасы»;
- «Сессия барысында ағымдағы білім беру сапасының және аралық аттестаттаудың сапасы»;
- «Рубеждік бақылау кезінде оқушылардың оқу жетістіктерінің сапасы»; «Студенттердің пән бойынша білім сапасы»;
- «Мамандықтың негізгі пәндеріндегі жоғары курс студенттерінің білім сапасы»;
- «Түлектердің қорытынды аттестациясының сапасы»;
- «Жұмыс берушілердің кәсіптік қызметті жүзеге асыруға дайындық деңгейіне қанағаттануы».

Оқыту үрдісінің сапасына Мониторинг белгілі бір **алгоритм** бойынша мониторингтік рәсімдер түрінде жүзеге асырылады: 1) мониторингтік рәсімнің мақсатын қою; 2) мониторинг рәсімін жүргізу әдістерін таңдау; 3) мониторинг рәсіміндегі субъектілерді және олардың рөлін анықтау (мониторинг рәсімін іске асыруға қандай мүдделі тұлғалар тартылады және кім ретінде: респонденттер, ұйымдастырушылар, сарапшылар және т. б.); 4) мониторинг рәсімін жүргізу мерзімдерін келісу; 5) мониторинг құралдарын әзірлеу; 6) мониторинг рәсімін іске асыру; 7) мониторинг рәсімін жүргізу нәтижелерін өңдеу және талдау. Жоғары оқу орнындағы оқыту үрдісінің сапасын анықтаудың мониторингтік процедураларын әзірлеу және іске асыру бойынша ұсынылған қадамдардың бірізділігін пайдалану жаңа алгоритмдік іс-әрекеттердің шығармашылық ізденісін жоққа шығармайды, жоғарыда аталған қадамдардың қандай да бір түрін өзгертуді, толықтыруды, азайтуды немесе қайталауды болжайды, бірақ ЖОО - дағы оқу процесінің сапасын бақылау мен басқарудың жаңа циклінде.

Қорытынды. Сонымен, қорыта келе айтарымыз: білім беру үрдісінің сапасын мониторингілеу деген – білім беруді басқаруды ақпараттық қамтамасыз етуге бағытталып, алынған ақпаратты жинақтау мен талдау негізінде білім беру жүйесіндегі процестердің барысын, нәтижелері мен тиімділігін үздіксіз бақылау; білім беру ұйымдарындағы білім беру үрдісін жүзеге асыру жағдайларының, нәтижелерінің өзгеріс серпіні мен жай-күйін жүйелі түрде бақылау, талдау және бағалау, -деп түіндеуге болады. ЖОО-да білім беру үрдісінің нәтижесі туралы ақпарат өте маңызды, себебі ол болашақ маманды дайындау сапасын ЖОО-да оның оқыған әртүрлі кезеңдерінен көруге мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орнында оқыту үрдісінің сапасына мониторингті ұйымдастыру және жүзеге асыру жеке тұлғаны кәсіби құзыреттілікті меңгерудің барлық шарттары мен аспектілерін қадағалауға мүмкіндік береді және оқу процесінде проблемалық салаларды еңсеру туралы оңтайлы басқару шешімдерін қабылдауды қамтамасыз етеді және оның сапа деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 2016.- 43 б.
2. Галиахметова А.Т., Айтуганова Ж.И. Эффективное управление качеством образования в вузе на основе интеграции традиционных и дистанционных форм контроля // Вестник Костромского государственного университета имени Н.А. Некрасова. Серия: Педагогика. Психология. Социальная работа. Ювенология. Социокинетика. – 2015. – № 1. – Т. 21 – С. 92–94. 3
3. Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Технология трехмерной методической системы обучения: сущность и применение. -Алматы, 2018 г.-480 стр., ISBN 978-601-275-750-7
4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогические технологии. – М., 1989.
5. Лаврентьев Г.В. Инновационные обучающие технологии в профессиональной подготовке специалистов / Г.В. Лаврентьев, Н.Б. Лаврентьева, Н.А. Неудахина. Ч.2.– Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2002. – 232с.
6. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Сапа>
7. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D3%A8%D0%BB%D1%88%D0%B5%D0%BC>
8. Кобдикова Ж.У. Үшөлшемді әдістемелік жүйе – білім беру сапасын арттырудың тиімді құралы: мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құрал. Астана: «Арман-ПВ», 2013.-108 бет.
9. Беспалько, В.П. О критериях качества подготовки специалистов / В.П. Беспалько // Вестник высшей школы - 1998. № 1. - С. 3-8.
10. ГОСТ Р ИСО 9000–2001. Системы менеджмента качества. Основные положения и словарь. – М.: Изд-во стандартов, 2001. – 26 с.
11. ГОСТ Р ИСО 9001–2001. Системы менеджмента качества. Требования. – М.: Изд-во стандартов, 2001. – 21 с.

12. ГОСТ Р 50779.42-99 (ИСО 8258-91) Статистические методы. Контрольные карты Шухарта. – М.: Изд-во стандартов, 2000. – 36 с.
13. Овчинникова И.Г., Курзаева Л.В., Полякова И.В. МОНИТОРИНГ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА ВУЗА // Современные наукоемкие технологии. – 2009. – № 11. – С. 82-85; URL: <http://top-technologies.ru/ru/article/view?id=25965>
14. Баскакова Д.Ю., Белаш О.Ю., Веремьева О.Е., Ряскова Е.Б., Федоров П.С. Методика оценки удовлетворенности студентов качеством учебного процесса // Планирование и обеспечение подготовки кадров для промышленно-экономического комплекса региона. 2015. № 1. С. 242-246.
15. Картузов А.В. Мониторинг качества учебного процесса в условиях информатизации // Вестник Российского университета кооперации. 2010. № 1 (5). С. 217-221.
16. Калинина А.В. Перспективы электронного обучения для студентов российских вузов // Вузовская наука: теоретико-методологические проблемы подготовки специалистов в области экономики, менеджмента и права материалы Международного научного семинара. М.Л. Белоножко (отв. ред.). 2016. С. 28-32.
17. Попкова А.А. Опыт социологических исследований в вузе: Монография. Тюмень: Издательство ТИУ, 2016.
18. Таньков Н.Н. Мониторинг удовлетворенности студентов учебным процессом по дисциплине как компонент оценки качества высшего образования // Вестник Томского государственного педагогического университета. 2016. № 6 (171) С. 106-111.
19. Третьякова О.В. Межпредметные связи в учебном процессе // Традиции и современная ситуация в области художественного образования и культуры: проблемы и инновации 3-я Всероссийская научно-практическая конференция. Тюмень, 2010. С. 258-260.

References:

1. General provisions State program for the development of education and science of the Republic of Kazakhstan for 2016-2019.
2. Galiakhmetova A.T., Aituganova Zh.I. Effective management of the quality of education at the University on the basis of integration of traditional and remote forms of control. // Bulletin of Kostroma state University named after N. Ah. Nekrasov. Series: Pedagogy. Psychology. Social work. Juvenology. Sotsiogenetiki. – 2015. – № 1. – Vol. 21 – Pp. 92-94.3
3. Karaev Zh.A. Kobdikova Zh.U. The technology of three-dimensional methodical system of learning: essence and application. -Almaty, 2018 - 480 pages, ISBN 978-601-275-750-7
4. Bepalko V.P. Components of pedagogical technologies. – M., 1989.
5. Lavrentiev G.V. Innovative educational technologies in professional training / G.V. Lavrentiev, N.B. Lavrentieva, N.A. Neudahina, part 2. – Barnaul: Publishing house Alt. UN-TA, 2002. – 232p.
6. <https://kk.wikipedia.org/wiki/quality>.
7. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D3%A8%D0%BB%D1%88%D0%B5%D0%BC>
8. Kobdikov Zh. U. Three-dimensional methodical system is an effective means of improving the quality of education: Educational-methodical manual for teachers. Astana: "Arman-PV", 2013. - 108 PP.
9. Bepalko V.P. About quality criteria of training of specialists / V. P. Bepalko // Bulletin of Higher school-1998. No. 1. General provisions - p. 3-8.
10. GOST R ISO 9000-2001. Quality management system. Basic provisions and vocabulary. - Moscow: publishing house of standards, 2001. - 26 p.
11. GOST R ISO 9001-2001. Quality management system. Requirements. - Moscow: publishing house of standards, 2001. - 21 p.

12. GOST R 50779.42-99 (ISO 8258-91) Statistical methods. Shewhart control cards. - Moscow: publishing house of standards, 2000. - 36 p.
13. Ovchinnikova I. G., Kurzaeva L. V., Polyakova I. V. MONITORING OF the educational PROCESS of the UNIVERSITY // Modern science-intensive technologies. - 2009. - No. 11. - Pp. 82-85; URL: <http://top-technologies.ru/ru/article/view?id=25965>
14. Baskakova D. Yu., Belash O. Yu., Veremyeva O. E., Ryaskova E. B., Fedorov P. S. Methodology for assessing student satisfaction with the quality of the educational process // Planning and providing training for the industrial and economic complex of the region. 2015. No. 1. Pp. 242-246.
15. Kartuzov A.V. Monitoring the quality of the educational process in the conditions of Informatization / / Bulletin of the Russian University of cooperation. 2010. No. 1 (5). Pp. 217-221.
16. Kalinina A.V. Prospects of e-learning for students of Russian universities / / University science: theoretical and methodological problems of training specialists in the field of Economics, management and law materials of the International scientific seminar. Belonozhko M. L. (executive editor), 2016. Pp. 28-32.
17. Popkova A. A. Experience of sociological research in higher education: Monograph. Tyumen: Publishing house of TIA in 2016.
18. Of Tankov N. N. Monitoring of students ' satisfaction with educational process on the discipline as a component for quality assessment in higher education // Vestnik of Tomsk state pedagogical University. 2016. No. 6 (171) Pp. 106-111.
19. Tretyakova O. V. Interdisciplinary connections in the educational process // Traditions and modern situation in the field of art education and culture: problems and innovations 3rd all-Russian scientific and practical conference. Tyumen, 2010. Pp. 258-260.